



2021
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Қымбатты біздің достарымыз мен әріптестеріміз!

2021 жыл «Дара» қайырымдылық қоры үшін тағы бір сәтті жыл болғанын қуана хабарлаймын, қор өз күш-жігерін ұлттық деңгейдегі жеке бағдарлама дәрежесіне дейін көтерілген жүйелі жобалардың сапалы өсуіне және ауқымды бола түсуіне бағыттады, біз әрқашан ұстанып келген бұл құндылықтар мен мақсаттар өзгеріссіз қалатынын біле отырып мен оларды еш алаңдамастан өз бетімен «басқаруға» жібере аламын.

Дәстүрімізден ауытқымай, біз жыл сайын өткен жылғы жұмыс нәтижелері туралы есеп береміз, өйткені біз достарымыз, демеушілеріміз және қалың жұртшылық үшін ашық, қол жетімді және түсінікті болып қалғымыз келеді.

Бүгінгі күннің қиындықтарына қарамастан, біз өзіміз үшін жаңа перспективаларды ашуды жалғастырамыз және 2021 жылғы маңызды бағыттардың бірі картиналар, тактильді экспонаттар мен өнер бұйымдарының аудиодескрипциясы жобасы аясында Қазақстан мұражайларымен ынтымақтастық қарым-қатынасты бастау болғаны сөзсіз. Біз үкіметтік емес ұйым ретінде қоршаған әлем көзі көрмейтін балалар мен ересектер үшін қолжетімді болуы тиіс екенін, пандустар шегінде кедергісіз орта «бітіп қалмайтынын», бұл мүмкін, қажет және үнемі талап етіле береді деген кең түсінік керек екенін көрсеткіміз келеді. Өйткені, біз балаларды өміріміздің әдемі бір бөлігі ретінде өнермен таныстырған сайын, олардың ішкі әлемі де байи түседі. Біздің келесі міндетіміз – болашақта мұндай экскурсиялардың Қазақстанның әр өңіріндегі ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қолжетімді болуы.

«Инклюзия» жобасы аясында біз Қазақстан бойынша Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары желісін кеңейтуді жалғастырамыз, сонымен қатар біз түзету кабинеттерінің филиалдары енді ауылдық жерлерде де ашылып, әрбір балаға тұрғылықты жері бойынша қолжетімді болуын алдымызға мақсат етіп қойдық.

«Тәлімгерлер» жобасы биыл өзінің 7 жылдық жұмыс тәжірибесі нәтижесі ретінде кітап шығарды, онда Тәлімгерлер мен шәкірттері өз бастарынан өткізген бірегей оқиғаларымен, ал психологтар мен сарапшылар өз филиграндық жұмысы ерекшеліктерімен бөлісті. Мен және командам бұл кітап шын мәнінде шабыт беріп, балалар үйіндегі балалар тағдырын өзгерткісі келетіндерді тәлімгерлер қатарына тартуға көмектеседі деп үміттенеміз.

Біздің қоғам әрқашан қайырымды, жанашыр, көмектесуге дайын қоғам болғанын ерекше атап өткім келеді, ал биылғы жылдың көрсеткіштері осы деректі растады: келіп түскен қайырымдылық көмектің жартысын біздің сайтымыз және түрлі банктердің қосымшалары арқылы берілген электрондық жарналар құрайды. Қарапайым адамдар, ештеңеге де қарамастан, балаларға орасан зор көмек көрсете отырып, өз үлестерін қосуды, қайырымдылық онлайн-аукциондар мен жәрмеңкелерге қатысуды жалғастырып келеді. Биыл бізге көптеген жаңа серіктестер қосылды, олар да қайырымдылыққа атсалысып, жобаларымызға жүйелі қолдау көрсеткісі келеді.

Мен біздің жаңа достарымыз бен серіктестерімізге және қорға ұзақ уақыт бойына көмектесіп келе жатқандар адамдарға алғыс айтамын! Сіздердің қолдауларыңызбен «Дара» қоры болашаққа сеніммен қарап, өз миссиясын орындай алады. Сіздердің көмектеріңізбен біз бұдан әрі де балалардың игілігі үшін ортақ игі іс жасай береміз деп үміттенеміз.



Ізгі ниетпен,

Гүлнар Досаева, «Дара» қайырымдылық қорының құрылтайшысы

ИНКЛЮЗИЯ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ КАБИНЕТТЕРІ

Жоба ерекше баланың отбасын бала дүниеге келгеннен бастап кәметке толғанға дейін қолдау жүйесін құруға, сондай-ақ тұрмыс жағдайларын жақсартуға және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған



25800

-ден

астам жоба басталғаннан бері ашылған барлық Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің қызметін ерекше білім беруді қажет ететін бала пайдаланды



46

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ КАБИНЕТІ

(ППТК) жоба іске қосылғаннан бері бүкіл Қазақстан бойынша жұмыс істеп келеді



9133

ерекше білім беруді қажет ететін
БАЛА

2021 жылы ашық Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің қызметін пайдаланды



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, Сіз Мадина жасаған бейнероликті көре аласыз, ол 10 жаста, ол сіз үшін Қарабұлақ ауылындағы Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінен экскурсия өткізеді



1

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ КАБИНЕТІ

Түркістан облысы Қарабұлақ ауылында 2021 жылы ашылды

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп, балалармен қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, Қазақстан бойынша ППТК мамандары мен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған көмекші құрал ретінде 5 әдістемелік бейнематериал әзірленді



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз түрлі тақырыптар бойынша осы оқыту бейнематериалымен таныса аласыз



5 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ КАБИНЕТІ

2021 жылы Семей, Екібастұз, Арқалық қалаларында, Жамбыл облысының Қордай ауылында және Түркістан облысының Қарабұлақ ауылында бірегей Гросс тренажерларымен жабдықталды

ЖА МАМАНЫ

Психологиялық-педагогикалық түзеудің жаңа кабинеттері мен олардың филиалдарының 2021 жылы онлайн форматта оқытылып, біліктілігін арттырды



Бірінші кезекте, іздестіру барысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту және оларға көмек көрсету мәселелері бойынша ақпараттың, сондай-ақ басқа ата-аналардың сараптамалық пікірі мен практикалық тәжірибесінің жетіспеушілігіне тап болатын қазақ тілді аудитория үшін, балалардың ата-аналарын ақпараттық қолдау ретінде YouTube арнасы іске қосылды

Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз біздің YouTube арнамен және «Инклюзия» бағыты бойынша айдарлармен таныса аласыз



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Инклюзивтік білім берудің ресурстық орталығы мектептерге арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу, мұғалімдерді оқыту, ата-аналарға кеңес беру және балалардың дербес білім беру маршруттарымен жұмыс істеу үшін тірек нүктесі болып табылады



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз АИБДҰҒПО базасында ашылған Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы туралы бейнероликті көре аласыз



1476




ерекше білім беруді қажет ететін **БАЛАҒА**

жоба іске қосылғаннан бері Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары ашылған мектептердегі мамандар мен мұғалімдер қолдау көрсетті

48

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

берудің ресурстық орталығы жоба іске қосылған сәттен бастап Қазақстан бойынша жалпы білім беретін мектептер базасында жұмыс істейді



7

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

берудің ресурстық орталықтары Алматы, Қызылорда, Өскемен, Саран, Қостанай, Көкшетау қалаларындағы жалпы білім беру мектептері базасында және соның ішінде Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы (АИБД ҰҒПО) базасындағы Қазақстанда инклюзивті білім берудің өңірлік ресурстық орталықтары үшін үлгі болып табылатын Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы 2021 жылы ашылды



35-тен

АСТАМ МАМАНДАРЫ МЕН ПЕДАГОГТАРЫ,

жалпы білім беретін мектептердің базасында Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары ашылған ҚР БҒМ жанындағы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының лекторлары жүргізген жұмыс барысында инклюзивті тәжірибені дамыту бойынша оқудан өтті



ТАЛАНТТАРДЫ ДАМУ: ФУТБОЛ ЖӘНЕ БИ СЕКЦИЯЛАРЫ

10 жылдан астам уақыт бойы қор футбол және би жобаларын қолдап келеді

19

ТӘРБИЕЛЕНУШІСІ



Алматы қаласының есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №5 мектеп-интернатының 13-16 жас аралығындағы жаттықтырушы Асыл Ибраимов басқаратын футбол секциясына қатысады

4

ОРЫНҒА

Нұр-Сұлтан қаласында футболдан 2003-2004 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасы біріншілігінде ие болды



22

ОҚУШЫ



әр түрлі жастағы «Crown» және «ЖанKIDS» екі топта Алматы қаласындағы сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №9 мектеп-интернатта хореограф Марат Бекбергеновтың жетекшілігімен би студиясына қатысады

1

ОРЫНҒА

Нұр-Сұлтан қаласында өткен XVI Республикалық «Жұлдызай» фестивалінде «Disco Dancer» үнді мюзиклі нөмірімен ие болды



200

САҒАТҚА
жуық футбол жаттығулары
және би сабақтары жыл
сайын өткізіледі



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз бейнероликті көре аласыз және 8-сынып оқушысы Димаш Оралбаевпен бірге бір күн өткізе аласыз, ол футбол ойнайды, ал оның сүйікті футболшысы – Неймар. Димаш арнайы түзету мектеп-интернатында оқиды және үш жылдан бері біздің естімейтін балаларға арналған футбол секциямызда жаттығады

77

КӨЗ КӨРМЕЙТІН ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН БАЛАЛАР

Қазақстанның өңірлері бойынша мамандандырылған ашық сыныптарда білім алуда



15

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СЫНЫП

Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Ақтау, Қостанай және Өскемен қалаларында көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған жұмыс істейді.

Барлық сыныптар сапалы оқу үдерісін жүзеге асыру үшін қажетті тифломатериалмен қамтамасыз етілген



1

«Айгөлек» тобы Көкшетау қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымында

КӨЗІ КӨРМЕЙТІН ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН жұмыс істейді



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз көзі көрмейтін балаларға арналған кедергісіз орта жайлы бейнероликті Нұр-Сұлтан қаласының №10 мектеп-гимназиясының үлгісінде біздің YouTube арнамыздан көре аласыз



23 101 177

теңге

жазғы аукцион аясында жиналды Барлық жиналған қаражат көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға арналған мұражай экспонаттарының, өнер бұйымдарының және картиналардың аудиодескрипциясын және тактильді үлгілерін жасауға бағытталды



қарай «Gala Global Group» ЖШС-мен ынтымақтаса отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайымен бірлесіп, өнер мен тарихтың 50-ден астам экспонаттарының аудиодескрипциясы дайындалды

Мұражай экспонаттарының аудиодескрипциясын дайындау идеясы – «Әлемді ашамыз» атты үлкен жобаның бір бөлігі ғана, оның мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін, атап айтқанда, көру қабілеті бұзылған балалардың білімге, шығармашылыққа, еліміздің мәдени және рухани мұрасына қол жетімділігіне мүмкіншілік жасау





Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған Островский атындағы арнайы мектеп-интернат оқушыларының мұражайға экскурсиясы туралы бейнероликті көре аласыз



Аудиодескрипция бойынша жобаға қатысқан серіктес мұражайлар

- Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайы
- Шығыс Қазақстан облыстық Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайы
- Павлодар облыстық көркемсурет мұражайы
- Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен ынтымақтастық енді басталды



95

-тен астам

СУРЕТТЕР МЕН ЭКСПОНАТТАРДЫҢ ТАКТИЛЬДІ МОДЕЛЬДЕРІ

жобаға қатысатын мұражайлар
үшін дыбысталды



-тен 70 астам

«ДАРА» ҚОРИНЫҢ ДОСТАРЫ МЕН СЕРІКТЕСТЕРІ

қазақ және орыс тілдеріндегі аудиодескрипция (дыбыстау) жобасына қатысты



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз «Дара» қорының достары мен серіктестерінің қатысуымен болған аудиодескрипция (дыбыстау) үдерісі туралы бейнероликті көре аласыз

ТӘЛІМГЕРЛЕР

301

АДАМ

2021 жылы тәлімгерлер онлайн-мектебінде
www.education.dara.kz білім алды

ЖЕКЕ ТӘЛІМГЕРЛІК

Жоба жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға волонтер-тәлімгерлермен қарым-қатынас арқылы өз бетінше өмір сүру және әлеуметтік бейімделу дағдыларын қалыптастыруға көмектесуге бағытталған

13

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛАСЫ

«Тәлімгерлер» жобасына
2021 жылы қосылды

2

ҚАЛА

«Тәлімгерлер» жобасының
қартасына,
бұл – Қызылорда
және Өскемен қалалары

198

ЖАСӨСПІРІМ

жоба басталғаннан бері
өз Тәлімгерлерін кездестірді



1778

ӨТІНІМ

2021 жылы тәлімгерлерге
үміткерлерден келіп түсті

«Тәлімгерлер: балалар үйінің балаларымен шынайы достық тарихы» кітабының тұсаукесері «Меломан» отбасылық дүкендер желісінде өтті, онда Қазақстанның үш қаласы – Нұр-Сұлтан, Алматы және Қарағанды қалаларынан жобаға қатысушылардың 40 дербес әрі бірегей тарихы және мамандар командасының жоба жұмысындағы 7 жылдан астам уақыт ішіндегі үлкен тәжірибесі жинақталған



41

ЖАСӨСПІРІМ

2021 жылы өзінің ересек
досы – Тәлімгермен кездесті



Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп,
сіз біздің YouTube арнамен және «Тәлімгерлік»
бағыты бойынша айдарлармен таныса аласыз

1000 КІТАП

ДАНАМЕН САТЫЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛДЫ



Кітаптың электронды форматын ірі «ЛитРес» электронды және аудиокітаптар платформасынан және жоба парақшасының Instagram чат-ботынан табуға болады

Кітап сатылымынан жиналған барлық қаражат балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін қосымша сабақтар мен ҰБТ-ға дайындық бойынша репетиторлардың қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалады




Осы QR-кодты телефон камерасына сканерлеп, сіз «Дара» қорының тәлімгерлері, қонақтары, достары мен серіктестерінің қатысуымен болған кітап тұсаукесерінің бейнеролигін көре аласыз



Белгілі блогерлер мен медиа тұлғалар – Яков Фёдоров, Айкерім Есенәлі, Лариса Пақ, Майя Акишева, Жұлдыз Әбдікәрімова, Жанна Ахметова, Бейбіт Әлібеков, Максим Споткай, Айман Әлзақова және Индира Бекбатыровалар балалар үйіндегі жасөспірімдерді әлеуметтендіру проблемасына қоғам назарын аудару мақсатында әлеуметтік желілердегі ақпараттық науқанды еш ақы алмастан қолдады

Жасөспірімдер мен балалар үйі түлектері үшін ақпараттық қолдау ретінде YouTube арнасы іске қосылды, онда сарапшылар мен түлектердің өздері қаржылық сауаттылық, жыныстық тәрбие, қоғамдағы стигматизация және басқа да тақырыптар бойынша пайдалы ақпарат және кеңестерімен бөліседі

КОРПОРАТИВТІК ТӘЛІМГЕРЛІК



4 ҰЙЫМ 2021 жылы жобаға қосылды

БАЛА

одан арғы өсу жолында өз кәсіби дағдыларын арттыру мақсатында кәсіптік бағдарлау жұмысы аясында тренингтерден өтті

БАЛА

білім беру жобасы аясында білімдерін жақсарту үшін қосымша репетиторлармен айналысты



2 БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТҮЛЕГІ

Satbayev University-re «Компьютерлік ғылымдар» мамандығы бойынша және «Тұран» университетіне «Экономика» мамандығы бойынша оқуға түсті




Жаңа жыл қарсаңында «Дара» қоры DaraBilim.kz платформасының ребрендингін өткізді және жаңа жылдық FundARaising.kz жәрмеңкесін бастады



Бұл игі акцияның мақсаты – балалардың армандарын орындау және оларға жыл бойы пайдалы болатын, шын мәнінде қажетті сыйлықтар тарту ету

Жаңа жылдық жәрмеңке аясында

13 845 480
ТЕҢГЕ жиналды



Барлық қаражат «Инклюзия» және «Тәлімгерлер» жобаларын қолдауға жұмсалды және осы игі акцияның арқасында балалар келесілерге ие болды:


- «Ерте араласу» бағдарламасы аясында дамытатын ойыншықтар;
- Ойындарға арналған шығармашылық жиынтықтар, эбру-терапиямен айналысуға арналған жиынтықтар; «Нумикон» әдістемелік материалы;
- Өскемен қаласындағы көзі көрмейтін және нашар көретін оқушылар үшін есте қаларлық фотосессия;
- Көзі көрмейтін және нашар көретін оқушыларға арналған Брайль әліпбиі;
- Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттеріне арналған спорттық жабдықтар мен сенсорлық интеграцияға арналған жабдықтар;
- Футбол секциясында жаттығуға арналған спорттық керек-жарақтар;
- Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған ағылшын тілі оқулықтары;
- Тәлімгермен бірге толықтай бір күн өткізу және жыл сайын 12 сәуірде өткізілетін «Тәлімгерлер» жобасының туған күнін атап өту мүмкіндігі;
- Балалар үйіндегі жасөспірімдерге арналған психологтан кеңес алу курсы;
- Балалар үйіндегі жасөспірімдерге арналған репетиторлармен сабақтар;
- Жаңа қалада «Тәлімгерлер» жобасын іске қосу;
- Жаңа қалада Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығын ашу.



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР 2021

ДЕМЕУШІЛЕР КАРТАСЫ 2021

	ТЕҢГЕ
*2020 ЖЫЛҒА САЛЬДО	13 298 783
КІРІСТЕР	
Заңды тұлғалар - демеушілердің жарналары	51 161 644
Гранттар	3 250 475
Жеке тұлғалар - қайырымдылық жасаушылардың жарналары	17 798 473
Бокстарға қайырымдылықтан түскен кірістер	204 575
Онлайн қайырымдылық	52 691 408
Құрылтайшының жарналары	70 656 982
ЖИЫНЫ	195 763 558
ШЫҒЫСТАР	
Жобаларға арналған шығыстар	98 616 724
Кеңселерді ұстауға арналған шығыстар	788 200
Жалақы қорының	55 502 103
Қаржылық қызметтер (банк комиссиясы)	136 573
Өзгелері	1 134 642
Маркетингтік шығындар	11 378 472
ЖИЫНЫ	167 556 714
САЛЬДО	28 206 843
2021 ЖЫЛҒЫ ҚАЛДЫҚТЫ ҚОСА АЛҒАНДА САЛЬДО	41 505 626




ҚОР КІРІСТЕРІНІҢ ҮЛЕСТІК МӘНДЕГІ ҚҰРЫЛЫМЫ

%	Аты
26	Заңды тұлғалар- демеушілердің жарналары
1,7	Гранттар
9,1	Жеке тұлғалар- қайырымдылық жасаушылардың жарналары
0,1	Бокстарға қайырымдылықтан түскен кірістер
26,9	Онлайн қайырымдылық
36	Құрылтайшының жарналары

*Оң сальдо заңды және жеке тұлғалардан бұрын ұзақ мерзімді жобаларды іске асыруға түскен аванстық төлемдерді қамтиды

ЖОБАЛАР	ДЕМЕУШІЛЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР
<p>«Инклюзия»:</p> <ul style="list-style-type: none"> Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтар желісін кеңейту; «Әлемді ашамыз» жобасы; Аймақтарда түзеу кабинеттерінде Гросс тренажерларын орнату; «Инклюзия» жобасын әдістемелік қолдау; Алматы қ. би секциясы; Алматы қ. футбол секциясы 	<p>«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «Марс Қазақстан» ЖШС, Benevity Causes халықаралық краудфандинг платформасы, «ҰРПАҚ» ЖШС, Гаухар Абықбаева, «LVMH р&С Kazakhstan», «РТС ЛТД» ЖШС, «РТС ДЕКО» ЖШС, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы (АИБДҰҒПО), қалалар және облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары</p>
<p>«Тәлімгерлер»:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жеке тәлімгерлік; Корпоративтік тәлімгерлік; Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған білім беру курстары 	<p>Alstom халықаралық қоры, «Қуаныш Ешенқұл» жеке қоры, «Keleshek Social Charity Fund» қоғамдық қоры, «NOVA PETROL» ЖШС, «BS CONSULTING» ЖШС, «Қазақовелир» АҚ, «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС, Haileybury School Almaty, «ITTS» ЖШС, «SIGNUM» ЖШС, GlobalGiving халықаралық краудфандинг платформасы, CAF America қоры, Tooba қосымшасы, YourCause from Blackbaud, Индира Сафинованың фандрайзинг іс-шарасы аясында жиналған қаражат, Charity Reading Bookclub фандрайзинг іс-шарасы аясында жиналған қаражат, NGS жаңа буын мектебінің жаңа жылдық жәрмеңкесі аясында жиналған қаражат, Гүлнар Досаева, Анель Удовенчук, Адель Ахметова, Айжан Құсайынова, Жанна Оспанова, Әсел Зои, Гаухар Зайтбекова, Марина Огай, Людмила Левитанус, Людмила Куликова, Лариса Сидорова, Қазақстанның Тұрақты Даму Қорының қызметкерлері, CISCO Systems Inc. Kazakhstan компанияларының қызметкерлері, Pub «Dublin», Morgan Lewis қызметкерлері, «Меломан Home Video» ЖШС, «Сентябрь» маркетингтік, АртБоТа шығармашылық студиясы, Қарлығаш Тәжібекова, Камила Тұяқбаева, «Дерматовенерологтар, дерматокосметологтар және лепрологтар қоғамы» КБ, BITLAB Academy бағдарламалау мектебі, Әйгерім Бекова (француздық «Le Dessert» наубайханасы-кондитерлік), «The Face Studio» макияж студиясы, Picture Day Арт-студиясы, «КТК» телеарнасы, «Setanta Qazaqstan» телеарнасы, Еуразия бірінші арнасы, «Хабар» телеарнасы «Targu fresh» бағдарламасы, «Давай Сходим» ақпараттық паблугі (Алматы, Шымкент), қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары, dара.kz сайты арқылы электрондық жарналар, «First Heartland Jusan» АҚ, Kaspi.kz қосымшасы арқылы ақшалай жарналар</p>
<p>«Дара» қоры YouTube арнасын іске қосу</p>	<p>Гүлнар Досаева</p>
<p>«DaraBilim» онлайн қайырымдылық аукционы (Қазақстан музейлерінің аудиодескрипциясы)</p>	<p>Сатып алушылар: Жанна Кан, Гүлнар Досаева, Айгүл Кенжебаева, Айгүл Ибраимова, Максим Ткаченко, Ислам Амангелді, Айнұр Рашидовна, Асат Нұрпейісов, Елена Руднитская, Әлішер Елікбаев, Адина Бектүрова, Айдана Майтекова, Ашот Мхитарян, Карина Цой, Анель Санау, Құлажанова Маржан, Айтоты Досаев, Ульяна Ахметқалиева фандрайзинг іс-шаралары аясында жиналған қаражат</p> <p>Серіктестер: Нұрлан Смағұлов, Әли Оқапов, Майя Ақышева, Гүлназ Жоланова, Аян Бірбаев, Динара Сәдуақасова, Адель Оразалинова, Никита Бояркин, Жәния Әубәкірова, Мұрат Мүтүрғанов, Мақсұт Жұмаев және «Аюсай» Визит-орталығы, Pub «Dublin», White Supply, Something Else флористика студиясы, Ladurée Қазақстан, Invictus Fitness фитнес орталығы, RIBAMBELLE мейрамханасы</p>
<p>funDARAising.kz жаңа жылдық жәрмеңкесі</p>	<p>Гаухар Қапарова, Рахат Дармеш, Сергей Кан, Жания Құрманова, Адия Имашева, Венера Н., Ләззат Ж., Арман Султанғазин, Айман Андаспаева, Гаухар Сауранбаева, Ермек Ернұр Нұрланұлы, Айнұр Мәми, Маржан Құлажанова, Әлішер Елікбаев, Николай Тян, «RUSAR» ЖШС, «DAMUMED» ЖШС, fundaraising.kz сайты арқылы электрондық жарналар, «G&G» дүкендері мен олардың серіктестері желісіндегі «Тілектер шыршасы» фандрайзинг іс-шарасы аясында жиналған қаражат</p>



010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы
Достық көшесі, 18 ғимарат, 20.18
Телефон: +7 705 114 32 50
E-mail: info@dara.kz

www.dara.kz

Толығырақ білгіңіз
келе ме?



БІЗГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ҚОСЫЛЫҢЫЗДАР:



Dara charity



@dara.charity



Майя Акишевамен бірге Telegram: t.me/daracharity



@fonddara